

тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

- отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

Балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесідей ұйымдастырылған іс-әрекеттерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене тәрбиесі (ерекше балалар үшін бейімделген дене тәрбиесі);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі;
- 7) математика негіздері;
- 8) құрастыру;
- 9) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 10) сурет салу;
- 11) мүсіндеу;
- 12) жапсыру;
- 13) музыка.